

Әкімшілік іс жүргізулердің бірынғай тіzlіmін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 шілдеде № 20962 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінің 737-1 -бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 30.09.2022 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Әкімшілік іс жүргізулердің бірынғай тіzlіmін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін мәлімет үшін мұдделі мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және оларға теңестірілген прокурорларға, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына жіберуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас Прокурорының м.а.

E. Кененбаев

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының м.а.

2020 жылғы 10 шілдесі № 85

бұйрығымен бекітілген

Әкімшілік іс жүргізуудің бірынғай тіzlіmін жүргізу қағидалары

1-тапау. Жалпы ережелер

1. Осы Экімшілік іс жүргізудің бірынғай тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) (бұдан әрі - орган (лауазымды адам) үшін Экімшілік іс жүргізудің бірынғай тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі – АЕК) – белгіленген үлгідегі құқықтық статистикалық ақпараттың материалдық (қағаз, магниттік, оптикалық) жеткізгіші, оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптастырылады;

2) әкімшілік іс жүргізудің бірынғай тізілімі (бұдан әрі – ӘІБТ) – әкімшілік құқық бұзушылықтар, оларды жасаған адамдар, олар бойынша қабылданған шешімдер туралы енгізілетін мәліметтер қамтылатын ақпараттық жүйе, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істерін электрондық нысанда жүргізу жүзеге асырылады;

3) ӘІБТ-нің көшілік секторы – әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізуге қатысуышыларға іс жүргізу электрондық нысанда жүзеге асырылатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы электрондық іс материалдарына ақпараттық қауіпсіздікті және құпиялыштық талаптарын сақтай отырып, Интернет арқылы қашықтан қол жеткізуге, сондай-ақ шағымдар, арыздар мен өтінішхаттар беруге мүмкіндік беретін ӘІБТ-нің функционалы;

4) ӘІБТ-нің мобиЛЬДІ қосымшасы (бұдан әрі – ӘІБТ-нің МК) – планшеттік компьютер арқылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға арналған ӘІБТ-нің компоненті;

5) ӘІБТ-нің пайдаланушысы (бұдан әрі – пайдаланушы) – өз құзыреті шегінде нақты функцияларды орындау үшін ӘІБТ-ні пайдаланатын орган (лауазымды адам);

6) ӘІБТ-нің процесингтік орталығы (бұдан әрі – ӘІБТ-нің ПО) – автоматты режимде жұмыс істейтін сертификаттандыру арнайы бақылау – өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтарды өндөуге арналған ӘІБТ-нің компоненті;

7) жасырылған әкімшілік құқық бұзушылық – Қазақстан Республикасының Экімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 802-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін себептер мен негіздердің болуына қарамастан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға қасақана шаралар қабылданбаған құқық бұзушылық;

8) қолтаңба планшеті – графикалық планшеттен және жазу қаламынан (стилус) тұратын, оның иесінің қолжазба қолтаңбасының цифрлық аналогын жасауға мүмкіндік беретін мамандандырылған перифериялық құрылғы;

9) медиа-файлдар – әкімшілік іс жүргізуді жүргізетін адамның шешімі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарына қоса тіркелуге жататын бейне, фото және бейне материалдар;

10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары ;

11) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

12) электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу ӘІБТ-нің 737-1-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша іс жүргізуді қағаз нысанында жүзеге асыру кезінде орган (лауазымды адам) процестік шешімді қабылдағаннан кейін бір тәулік ішінде:

осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы" (бұдан әрі – 1-ӘЖ нысанды АЕҚ) 1-ӘЖ нысанды АЕҚ-ны;

осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің жылжу, қаралу барысы туралы және әкімшілік жазаның орындалу тәртібі туралы" (бұдан әрі – 1-ӘҚ нысанды АЕҚ) 1-ӘҚ нысанды АЕҚ-ны қояды.

АЕҚ-ны қою кезінде орган (лауазымды адам) мемлекеттік құпияларды қамтитын құжаттарды қоспағанда, процестік және істегі бар іс жүргізуді жүзеге асыру шенберінде жиналған құжаттардың түпнұсқаларын (PDF, JPEG, PNG, SVG, Tiff - құжаттар түрінде) ӘІБТ-ге салуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Ішкі істер аумақтық органдары (полиция) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Көлік құралдарын басқару құқығынан айыру және жүргізуі қуәлігінің қолданысын тоқтата тұру туралы" (бұдан әрі – 2-ҚА нысанды АЕҚ) АЕҚ-ны:

1) "Жол қозғалысы ережелерін әкімшіліктік бұзу туралы істер жөніндегі шешімдерді өзара тану және орындау туралы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан

Республикасының Заңымен бекітілген Жол қозғалысы ережелерін әкімшіліктік бұзу туралы істер жөніндегі шешімдерді өзара тану және орындау туралы конвенцияның 2-бабы З-тармағына сәйкес мемлекеттің құзыретті органы жолдаған, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын адамға қолданылған жазаны орындау туралы сұрау салуды;

2) Қазақстан Республикасының соты қабылдаған жүргізуші куәлігінің қолданысын тоқтата тұру туралы сот актісін;

3) Қазақстан Республикасының соты қабылдаған көлік құралдарын басқару құқығынан айыру немесе жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы қаулының құшін жою туралы сот актісін алған сәттен бастап бір тәулік ішінде ӘІБТ-ге қояды.

Жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім негізінде шығарылған сот орындаушысынан сот актісін орындалуы туралы деректерді алған сәттен бастап, жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру туралы деректерді ішкі істер аумақтық органдары (полиция) ӘІБТ-ден бір тәулік ішінде алып тастайды.

Адамды көлік құралдарын басқару құқығынан айыру туралы деректер Қазақстан Республикасының соты қабылдаған сот актісінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін автоматты түрде ӘІБТ-нен алынады.

Ескерту. 1-тaraу 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-2. ӘІБТ-ге қол жеткізу болмаған жағдайда АЕҚ аумақтық уәкілетті органды жазбаша хабардар ете отырып, ол пайда болған күні қойылады.

Егер осы Қағидалардың 4, 4-1-тармақтарында көрсетілген мерзімнің аяқталуы демалыс немесе мереке күніне келетін болса, онда АЕҚ келесі жұмыс күнінде қойылады.

Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттардың түпнұсқаларын ӘІБТ-ге уақтылы салу мүмкін болмаған жағдайда, орган (лауазымды адам) алыс болған немесе хабардар етудің дұрыс жолдары болмаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдай және төтенше ахуалдың кезінде, олар процестік шешім қабылданғаннан кейін бір айдан аспайтын мерзімде салынуға жатады.

Ескерту. 1-тaraу 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша іс жүргізуді электрондық нысанда жүзеге асыру кезінде тиісті процестік шешімдер орган (лауазымды адам) 1-ӘҚ және 1-ӘЖ нысадарындағы АЕҚ-ның деректемелерін толтырғаннан кейін электрондық құжат нысанында автоматты түрде қалыптастырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. PDF-құжатты қалыптастыру кезінде орган (лауазымды адам) оқылу мүмкіндігі үшін оның сапасын және қағаз құжаттар мен материалдардың түпнұсқаларының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау мерзімі аяқталғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

7. Іске қатысты және (немесе) заттай дәлелдемелер болып табылатын файлдық құжаттар мен медиа-файлдар ӘІБТ-ге салынады, ал мүмкін болмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес хаттамада көрсетіле отырып, іс материалдарына қосылады.

Іс материалдарына қосылған заттай және өзге де дәлелдемелер әкімшілік істі мәні бойынша қарау үшін қолма-қол ұсынылады. Ол уақытқа дейін орган (лауазымды адам) олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

8. Электрондық нысанда толтырылған процестік және өзге де құжаттарды куәландыруды әкімшілік іс жүргізудің қатысуышылары ЭЦҚ-мен куәландыру жолымен немесе қолтаңба планшеті арқылы жүзеге асырады. ӘІБТ МҚ-да әкімшілік іс жүргізуді жүргізу кезінде қол қою планшеттік компьютердің бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, пайдалануши іс жүргізуге қатысуышылардың жасалған құжаттардың қағаз нысанына қол қоюларын, кейін олардың PDF-құжат түрінде ӘІБТ-ге салынуын қамтамасыз етеді.

9. Соттар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді сот органдарының ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады, одан тиісті процестік шешімдерге сілтемелермен қарау нәтижелері туралы ӘІБТ-ге мәліметтер беріледі.

2-тaraу. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша ӘІБТ-ні жүргізу ерекшеліктері

Ескерту. 2-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Параграф 1. ӘІБТ-де әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау

10. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама электрондық нысанда жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша іс жүргізуге қатысуышыларға оны "электрондық үкіметтің" веб-порталында және (немесе) уәкілетті органның ақпараттық сервисінде орналастыру туралы хабар беріледі, бұл туралы онда тиісті белгі жасалады.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша электрондық іс жүргізу болып жатқан адамның (адам өкілінің) өтініші бойынша ӘҚБтК-нің 803-бабының 8-белігінде көрсетілген тәсілдерден басқа, хаттама көшірмесін деректерді беру желісін пайдалана отырып, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысына (

компьютерлік планшетке немесе тасымалданатын компьютерге) жіберуге жол беріледі. Бұл жағдайда орган (лауазымды адам) хаттама көшірмесін беру фактісінің тіркелуін қамтамасыз етеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысуышыларды хабардар етудің және қаулының көшірмесін берудің осындай тәртібі ӘҚБТК-нің 823-бабының талаптарына сәйкес ескерту түрінде электрондық нысанда әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылады.

10-1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы электрондық нысанда жасау, ескерту түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны электрондық нысанда шығару, 1-ӘЖ нысанды АЕҚ-ны толтыру кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайында оның толық мән-жайлары жазылады. ӘҚБТК-нің бабы атауын ғана көрсету немесе бұзылған нормаларының мазмұнына жол берілмейді.

11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы электрондық нысанда құру кезінде құқық бұзушыны ӘІБТ-де тексеруді уәкілетті органның арнайы есепке алуының мынадай түрлері арқылы жүзеге асырады:

- 1) әкімшілік жауптылыққа тартылған адамдар;
- 2) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауптылыққа тартылған адамдар;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдар.

Параграф 2. ӘІБТ-нің ПО-да әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау

11-1. ӘІБТ-нің ПО әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіз болған кезде көлік құралының меншік иесіне (иеленушісіне) ӘҚБТК-нің 822-1-бабының ережелеріне сәйкес айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама жібереді.

Айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама бойынша хабарлама (хабар) ӘІБТ-нің ПО өзінің атына шығарылған нұсқамалар туралы хабарламалар алу үшін көлік құралының меншік иесі (иеленушісі) "электрондық үкімет" веб-порталында және (немесе) уәкілетті органның ақпараттық сервисінде көрсеткен ұялы байланыстың абоненттік нөміріне 1414 нөмірі арқылы автоматты түрде мәтіндік хабарламамен жеткізеді. Көлік құралы меншік иесінің (иесінің) ұялы байланыстың абоненттік нөміріне хабарламаны жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама ӘҚБТК-нің 743-бабының 4-1-бөлігінде көрсетілген өзге де тәсілдермен жеткізіледі.

Айыппұлды төлеу қажеттілігі туралы нұсқама бойынша мәтіндік хабарламада нұсқаманың нөмірі, айыппұл сомасы туралы ақпарат, сондай-ақ нұсқамамен танысуға болатын ақпараттық ресурстарға сілтемелер көрсетіледі.

11-2. Автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау – өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркелген, көлік құралының

меншік иесі (иесі) анықталмаған әкімшілік құқық бұзушылықты ӘІБТ-нің ПО белгіленбеген санатқа жатқызады.

ӘІБТ-нің ПО әкімшілік құқық бұзушылықты автоматты түрде белгіленбеген санатқа жатқызу негізділігін көлік құралын жүргізген адамды анықтау жөнінде шаралар қолдана отырып, сертификатталған арнайы бақылау – өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркелген күннен бастап бес тәулік ішінде тексереді

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді ӘҚБтК-нің 741-бабы 1-бөлігінің 5) тармағына сәйкес, егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау – өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркелген күннен бастап екі ай ішінде оны жасаған адам анықталмаса, сондай-ақ жаңа әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы деректер болмаса, бастауға болмайды.

11-3. Белгіленбеген санатына, сондай-ақ ӘІБТ-нің ПО деректері бойынша көлік құралының меншік иесі (иесі) қайтыс болған адам болып жарияланған, заңды тұлға ретінде жойылған, сондай-ақ әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайтын әкімшілік құқық бұзушылықтарды, көлік құралын басқаратын адамды анықтау жөнінде шаралар қолданып жатқызады.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жататын адамды анықтаған сәттен бастап үш тәулік ішінде ӘІБТ-нің ПО ӘҚБтК-нің 62-бабында көзделген ережелерді ескере отырып айыппұлды төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы шығарады және ол көрсеткен мекенжайына жібереді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу әкімшілік құқық бұзушылықты әкімшілік жауаптылыққа жатпайтын адамдардың көлік құралдарын басқарылуымен жасалған деп анықталса бастауға жатпайды. Бір мезгілде берілген адамдарға көлік құралдарын басқаруға жол бермеу шаралары қолданылады.

11-4. Жасырын әкімшілік құқық бұзушылықты анықталмағандар санатына ауыстыру, іс жүргізуді бастаудан бас тарту, сондай-ақ әкімшілік іс бойынша іс жүргізуді заңсыз тоқтату жолымен анықталған кезде ӘҚБтК-нің 62-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, ол бойынша іс жүргізуді қозғауға дереу шаралар қабылдайды.

11-5. ӘҚБтК-нің 31-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықты тіркеу нөмірі автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау – өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен көрсетілген көлік құралының меншік иесіне (иесіне) қатысты мынадай жағдайларда әкімшілік іс қозғайды:

сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдары және автоматты режимде жұмыс істейтін аспаптар көлік құралының тіркеу нөмірін дұрыс емес анықтау; айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы, ол жіберілген адамнан өтініш келіп түскеннен кейін автоматты түрде қалыптастыру.

Параграф 3. ӘІБТ-нің көпшілік секторы

12. ӘІБТ көпшілік сектор арқылы әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізуге қатысуышыларға, электрондық нысанда процестік мәртебесін алған сәттен бастап әкімшілік істің тиісті материалдарына қол жеткізу, сондай-ақ өтінішхаттар, шағымдар, өтініштер беру және оларға жауаптар алу құқығын береді.

Іс жүргізуі электрондық нысанда жүзеге асырылатын әкімшілік істің материалдарына қол жеткізуді әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізетін адам мемлекеттің мүдделеріне қайшы келмейтін және басқа адамдардың құқықтары мен занды мүдделерін бұзумен байланысты емес көлемде береді.

ӘЦҚ және (немесе) Интернет желісіне қосылу болмаған жағдайда, іс жүргізуге қатысуышылар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізуді электрондық нысанда жүргізетін органның (лауазымды адамның) электрондық көшірмесін алу мүмкіндігімен, іс жүргізуі электрондық нысанда жүзеге асырылатын әкімшілік іс материалдарымен тиісті материалдарды жаңғырту немесе ұсыну (жеке танысу үшін) жолымен танысады.

3-тaraу. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау және әкімшілік жазаның орындалуы кезіндегі ӘІБТ-ні жүргізу ерекшеліктері

13. Электрондық әкімшілік істі қарау шенберінде тартылатын сарапшылар мен мамандар ӘҚБТК-нің 773-бабына сәйкес қорытынды толтырады.

Электрондық құжат нысанында қорытынды толтыру мүмкін болмаған кезде, қорытындының қағаз нұсқасын әкімшілік процесті жүргізуші адам PDF-құжатқа аударады және іс материалдарына қосады.

14. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүргізетін органға (лауазымды адамға) қағаз нысанында келіп түскен шағым және (немесе) наразылық PDF-құжатқа аударылып, кейін ӘІБТ-ге салынуға жатады.

Қағаз нысанында келіп түскен істі қайта қарау туралы өтінішке (занды күшіне енген қаулылар және үйгарымдар бойынша) және органның (лауазымды адамның) шешіміне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарға ұқсас тәртіп қолданылады.

Ескертпе: әрекеттердің осы тәртібі істі электрондық нысанда жүргізу кезінде, сондай-ақ іс материалдарын PDF-құжат түрінде ӘІБТ-ге енгізу жағдайларында колданылады.

15. Айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімі өткеннен кейін он күні ішінде және жүргізілген төлем туралы мәліметтердің жоқтығы туралы мәлімет түспеген жағдайда орган (лауазымды адам) электрондық нысанда ӘІБТ-нен жасалған төлем туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтаманы мәжбүрлеп орыннату үшін, айыппұл салу туралы қаулыны немесе жауаптылықта тартылған адам жұмыс істейтін не сыйақы, зейнетақы, стипендия алатын мемлекеттік сот орындаушыларына немесе жеке сот

орындаушыларының өнірлік палаталарына немесе ұйым әкімшілігіне айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқаманы оның жалақысынан немесе өзгеде табысынан мәжбүрлеу тәртібімен айыппұл сомасын ұстап қалу үшін жолдайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тaraу. АЕҚ-ны қою, өзгерту, жою және сақтау ерекшеліктері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. 1-ӘЖ нысанындағы АЕҚ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезде әрбір іске толтырылады. Адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде, АЕҚ құқық бұзушылықтың әрқайсысына жеке нөмір беріле отырып қойылады.

17. 1-ӘҚ нысанындағы АЕҚ тек 1-ӘЖ нысанды АЕҚ қойылғаннан кейін, қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша келесі шешімдерді қабылдау нәтижесі бойынша толтырылады:

- 1) материалды (хаттаманы) беру туралы;
- 2) материалдарды (хаттамаларды) біріктіру туралы;
- 3) жаза қолдану немесе тоқтату/босату туралы қаулы шыгара отырып материалды (хаттаманы) қарau туралы;
- 4) материалды мәжбүрлеп орындауға жіберу туралы;
- 5) жазаны орындау туралы;
- 6) жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы;
- 7) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдану (наразылық келтіру) туралы.

Бұл ретте, әрбір қабылданған шешімге жеке АЕҚ толтырылады.

18. ӘІБТ-ге енгізілген ақпараттың әкімшілік іс материалдарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жағдайда мәліметтерді түзету немесе АЕҚ-ны жою арқылы бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылданады.

Мәліметтерді түзету ӘІБТ-де АЕҚ-ның деректемелерінің деректерін өзгертуден және (немесе) толықтырудан тұрады.

АЕҚ-ның деректемелерінің деректерін өзгертуді және (немесе) толықтыруды уәкілетті аумақтық органы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарымен сәйкессіздік анықталғаннан кейін тәулік ішінде растайтын құжаттар қоса беріліп жолданған органның (лауазымды адамның) жазбаша өтініші негізінде жүргізеді.

ӘІБТ-де АЕҚ-ны жоюды осы бағытқа жетекшілік ететін аумақтық уәкілетті органның бөлім бастығы жою себебін көрсете отырып жүргізеді.

Электронды нысанында қалыптастырылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде қабылданған процестік шешімдердің АЕҚ-ның

деректемелерінің деректері өзгертуге және (немесе) толықтыруға, АЕҚ-ны жоюға жатпайды.

Ескеरту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

19. Әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдардың сауалнамалық деректері ӘІБТ-де жеке басын күеландыратын құжат тілінде толтырылуға жатады.

20. Әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдар туралы мәліметтер, ӘҚБТК-нің 61-бабына сәйкес әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған сәттен бастап бір жыл ішінде есепте тұрады.

21. Экімшілік жауаптылықта тартылған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалған кезден бастап алты ай ішінде сакталады (ӘҚБтК-нің 72-бабы).

22. Әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдар туралы мәліметтер әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде сақталады (2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабы).

5-тарау. ӘІБТ-ні жүргізу кезінде өкілеттіктердің аражігін ажырату

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйреккемен.

23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізууді жүргізетін органдарға (лауазымды адамдарға) олардың іс жүргізуіндегі не оларға бағынысты әкімшілік іс жүргізууді жүргізетін адамдардың іс жүргізуіндегі электрондық әкімшілік істерге қолжетімділік беріледі.

Прокурор өзі қадағалауды жүзеге асыратын әкімшілік істерге қолжетімділікке ие.

24. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу ді жүргізетін органдар (лауазымды адамдар) нақты аумақтық және құрылымдық бөлімшелер бойынша ӘІБТ-нің пайдаланушылар тізбесін, өкілеттіліктерін және электрондық әкімшілік істерге қолжетімділік деңгейін анықтайды.

Көрсетілген тізбенің негізінде уәкілетті орган ӘІБТ-нің пайдаланушыларына қолжетімділік құқықтарын аныктайды.

25. Экімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің заңдылығын және ведомстволық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында экімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүргізетін орталық, облыстық (және оларға теңестірілген), қалалық (аудандық және оларға теңестірілген) органдардың басшыларына, олардың орынбасарларына, басқармалар мен бөлімдердің бастықтарына, бағынысты және төмен тұрған құрылымдық бөлімшелер бойынша ведомстволық

аймақтық бақылауды (жетекшілікті) жүзеге асыратын орталық және облыстық аппарат органдарының жұмыскерлеріне ӘІБТ-ге электрондық әкімшілік істерге қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

26. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуі жүргізетін органдар (лауазымды адамдар):

1) ӘІБТ-ге енгізілетін ақпараттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің мән-жайларына және материалдарына сәйкес шынайылығын;

2) ӘІБТ АЖО-да АЕҚ-ның уақтылы толтырылуын;

3) қолданыстағы заннамаға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүргізу барысында алынған деректерді жарияламауды қамтамасыз етеді.

27. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес іске асырылады.

Әкімшілік іс жүргізудің
бірынгай тіzlімін жүргізу
қағидаларына
1-қосымша
нысан

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы" акпараттық есепке алу күжаты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ақпаратты есепке алу кітабындағы нөмір / / / / / / / / / / / / / / / / тіркелген күні " " 20 жыл
5. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің нөмірі / / / / / / / / / / / / / / / / тіркелген күні " " 20 жыл
6. _____

хаттаманы толтырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.)

7. Уәкілді органға келіп түскен күні " " 20 жыл. Түзетілген күні " " 20 жыл
8. Субъект: жеке тұлға (01), жеке кәсіпкер (02), заңды тұлға (03), шетелдік заңды тұлға (04), шетелдік катысуы бар заңды тұлға (05), лауазымды тұлға (25), лауазымды тұлғага теңестірілген (26), заңды тұлға филиалы (27), заңды тұлға екілдігі (28), анықталмаған адам (50)

9 Құқық бұзушылықтың саралануы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) _____ бабы _____ белгілі _____ тармағы

9.1. Іс жүргізуі қамтамасыз ету шаралары: әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (1); жеке тұлғаны әкімшілік ұстап алу " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (2); күштеп әкелу " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (3); жеке басын жете тексеру және жеке тұлғаның өзімен бірге алып жүрген заттарын жете тексеру " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (4); көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жете тексеру " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (5); құжаттарды, заттар мен тауарларды алып қою " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (6); көлік құралын немесе шағын көлемді кемені басқарудан шеттету және оның алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйін куәландыру" " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (7); көлік құралын немесе шағын көлемді кемені ұстап алу, жеткізу және пайдалануға тыйым салу" " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (8); қарап-тексеру " " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (9); жеке тұлғаның алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйін медициналық куәландыру" " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (10); ӘҚБтК-нің 48-бабының тәртібімен қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу" " 20 жыл, уақыты _____ сағат _____ минут (11)

9.2. Бұзды: _____

10. Кінә нысаны: қасақана (1), абайсызыда (2)
11. Әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған күні " " 20 жыл
- 11.1 Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған уақыты _____ сағат _____ минут
12. Мемлекетке келтірілген залал сомасы _____ теңге
13. Құқық бұзушылық фабуласы: _____

- 13.1 Іс жүргізу тілі: мемлекеттік (1), орыс (2).
- 13.2. Қорғаушиның болуы: талап етілмейді (1), тартылды (2).
- 13.3. Аудармашының болуы: талап етілмейді (1), тартылды (2).
- 13.4. Іс жүргізуіндегі де қатысушылары: _____

Т.А.Ә., жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН),

(тұрғылықты жері, байланыс деректері)

13.5 Пайдаланылатын техникалық құралдар: _____

(атауы, нөмірі, метрологиялық тексеру күні және оның көрсеткіштері)

14. Жеке тұлғага қатысты құқық бұзушылық: Қазақстан Республикасының азаматы (01), шетел азаматы (02), әйелдер (03), әскери қызметші (04), кәмелетке толмаған (05), лауазымды тұлға (06)

Т.А.Ә. _____

ЖСН: _____

Тұған күні "___" ____ жыл;

Жынысы: ерек (01) әйел (02);

Азаматтығы: (анықтамалық бойынша) _____

Ұлты: (анықтамалық бойынша) _____

Тұрғылықты жері: _____

Телефон нөмірі: _____

Қызмет түрі (анықтамалық бойынша) _____

Басқа белгілер _____

14.1. Занды тұлғага қатысты құқық бұзушылық: мемлекеттік кәсіпорын (01), шаруашылық серіктестік (02), акционерлік қоғам (03), өндірістік кооперативі (04), мекеме (08), қоғамдық бірлестік (09), мемлекеттік мекеме (10), өзге нысан (11)

Занды тұлға атауы _____

Мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні _____

Занды мекенжайы _____

Телефон нөмірі _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Басқа белгілер _____

15. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның Т.А.Ә.

Т/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/

А/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/

Ә/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/_____/

16. Тұған күні "___" ____ жылы туған

17. Құқық бұзушының жынысы: ер (1), әйел (2)

18. Құқық бұзушылық жасаған кездегі жасы: 11 жасқа дейін (01), 12-13 жас (02), 14-15 жас (03), 16-17 жас (04), 18-20 жас (05), 21-29 жас (06), 30-39 жас (07), 40-49 жас (08), 50-59 жас (09), 60 және жоғары (10)

19. Құқық бұзушылық жасаған: Қазақстан Республикасының азаматы (1), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің азаматы (2), шетел азаматы (3), азаматтығы жоқ адам (4), қандас (5)

19.1 Азаматтығы: (анықтамалық бойынша) _____

20. Ұлты: (анықтамалық бойынша) _____

21. Тұған жері _____

22. Тұрғылықты жері _____

22.1 Телефон нөмірі _____

22.2 Электрондық мекенжайы _____

23. Құжаты: паспорт (01), жеке қуәлік (02), тұруға ықтиярхат (03), азаматтығы жоқ адамның қуәлігі (04), жүргізушиңің қуәлігі (05), әскери билет (06), түу туралы қуәлік (07), аңышылық билет (08), жеке кәсіпкер қуәлігі (09).

№ ____ " ____ " ____ жыл _____ берген (кім берген)

24. ЖСН /_____/_____/_____/_____/_____/

25. Жұмысының түрі: (анықтамалық бойынша)

25.1. Жұмысының түріне косымша белгілер: (анықтамалық бойынша)

26. Жұмыс (оку) орны, лауазымы _____

27. Келесі күйде жасалған: алкогольдік (1), есірткілік (2), уытқұмарлық масаң күйде (3)
28. Коммерциялық ұйымның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны: мемлекеттік кәсіпорын (01), шаруашылық серіктестік (02), акционерлік қоғам (03), өндірістік кооперативі (04), өзгелер (05); оның ішінде: шағын кәсіпкерлік субъектісі (12), орта кәсіпкерлік субъектісі (13), ірі кәсіпкерлік субъектісі (14) коммерциялық емес ұйым: мекеме (08), қоғамдық бірлестік (09), мемлекеттік мекеме (10), өзге нысан (11)
29. Заңды тұлға атаяу _____
- 29.1. Мемлекеттік тіркеу номірі және күні _____
30. Заңды мекенжайы _____
- 30.1 Телефон номірі _____
- 30.2. Электрондық мекенжайы _____
31. Бизнес сәйкестендіру номірі / / / / / / / / / / / / / / / / / / 32. Банк деректемелері _____
-
- Іс қозғалған жеке тұлғаның/заңды тұлға өкілінің түсініктемесі: _____
-
- Өзге белгілер _____
-
-
- Хаттамаға коса беріледі: _____
-
- (құжаттар / заттар)
- Істі қарau: _____
-
- (орган атаяу)
- _____ " ____ " 20 ____ жыл ____ сағат ____ минут
- (қарau орнының мекенжайы)
- Іс катысушыларын хаттамамен таныстырылды:
- Коргаушы _____ Аудармашы _____
- (қолы) (қолы)
- Әзіне қатысты іс қозғалған тұлға:
- ӘҚБтК-нің 744-бабына сәйкес құқығын түсіндіру _____
- (танысты / танысадан бас тартты)
- хаттама мазмұнымен: _____
- (танысты / танысадан бас тартты)
- копио протокола: _____
- (алды / бас тартты)
- уақытша жүргізуші куәлігін алдым
- мен көрсеткен байланыс деректері бойынша жіберілген хабарлама тиісті және жеткілікті болып саналады
- _____
- (қолы)
- Іс деректерін куәгерлердің растауы:
- Куәгер 1 _____ Куәгер 2 _____
- (қолы) (қолы)

Әкімшілік іс жүргізудің
бірыңғай тізілімін жүргізу
қагидаларына 2-қосымша

Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралу, жылжу барысы туралы және әкімшілік жазаның орындалу тәртібі туралы" ақпараттық есепке алу күжаты

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

Ескерту. 2-қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

1. Материал/хаттама/іс бойынша шешім қабылдаған уәкілетті орган _____
2. Әкімшілік іс нөмірі /_____
- 2.1. Хаттама нөмірі /_____
- 2.2 Сот ісінің нөмірі /_____
- 2.3 Бірлесіп қарастауда үшін істердің бір іс жүргізуге біріктіру (Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБТК) 816-бабы 4-бөлігі): иә (01), жоқ (02)
- 2.4 Негізгі әкімшілік істің нөмірі /_____
- 2.5 Біріккен әкімшілік істердің нөмірлері: _____
3. Шешім қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (бұдан әрі - Т.А.Ә.), лауазымы:
3.1. Истің қарастауда тәртібі: ашық (01), жабық (02).
3.2. Истің жүргізу тілі: мемлекеттік (01), орыс (02).
3.3. Шешім шығару орны: _____
4. Келіп түсken күні "___ 20 жыл. Түзетілген күні "___ 20 жыл.
5. Құқық бұзушылықтың сарапануы ӘҚБТК-нің ____ бабы ____ бөлігі ____ тармағы
6. Мемлекет пайдасына залал өтелді _____ теңге
7. Материал/хаттама бойынша шешім: материал/хаттама берілді (08), жаза колданумен қаралды (09), тоқтатумен/ әкімшілік жазадан, әкімшілік жауаптылықтан босатумен қаралды (10), жазаны орындау: айыппұлды өтеу (11), жазаны орындау кейінге қалдырылды/ұзартылды (12), қаулыға шағым/наразылық келтірілді (13)
Шешім қабылданған күн "___ 20 жыл.
7.1 Прокурордың қатысуы: иә (01), жоқ (02)
7.2. Иске қатысушы тұлғалар _____ Т.А.Ә _____ жеке сәйкестендіру
нөмірі, тұрғылықты жері, байланыс деректері
8. Материал берілді:
8.1 ведомстволық бағыныстылығы бойынша (01), ӘҚБТК 812-бабы 2-бөлігі тәртібінде көлік құралын есепке алу орны бойынша берілді (02), сот органына (03), қаулыны мәжбүрлі орындауға (05).
8.2 Материал берілген органның атауы _____
9. Әкімшілік жаза шаралары (ӘҚБТК-нің 42, 52-баптары):
9.1 негізгілер: ескерту (01), әкімшілік айыппұл (02), әкімшілік қамаққа алу (03), арнайы құқығынан айыру (04), рұқсатынан айыру немесе оның әрекетін тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару (05), қызметті немесе оның жеке тұрларін тоқтата тұру/тыйым салу (06), шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу (07), "___ 20 жылға дейінгі мерзімге.
9.2 қосымша: арнайы құқығынан айыру (04), рұқсатынан айыру/тоқтата тұру, сонымен қатар тізілімнен алып таставу (05), қызметті немесе оның жеке тұрларін тоқтата тұру/тыйым салу (06), шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу (07), тәркілеу (09), мәжбүрлі бұзу (10).
"___ 20 жылға дейінгі мерзімге.

9.3 Әкімшілік-құқықтық: жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру (12), азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстай қағидаларын білуін тексеру (13), құқық бұзушының жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу (14).

9.4 Салынған айыппұл мөлшері _____ тенге

9.5 Оның ішінде ӘҚБтК-нің 819-бабы 2-бөлігін қолданумен: иә (01), жоқ (02)

9.6 ӘҚБтК-нің 897-бабы 1-бөлігінің/қысқартылған өндіріс тәртібімен салынған айыппұл мөлшері тенге

10. Тоқтату негіздері:

10.1 Мына негіздер бойынша тоқтатылды: ӘҚБтК-нің 62-бабы бойынша ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (03), ӘҚБтК-нің 63-бабы бойынша рақымшылық актісі негізінде (04), ӘҚБтК-нің 64-бабы бойынша тараптардың татуласуына байланысты (06), ӘҚБтК-нің 68-бабы бойынша кәмелетке толмағанды босату (07), ӘҚБтК-нің 741-бабының тәртібінде іс бойынша іс жүргізуі болдырмайтын мән-жайлар бойынша (08), ӘҚБтК-нің 742-бабымен көзделген жағдайлар бойынша (09), ӘҚБтК-нің 821-бабы 5-бөлігінің 3-тармағы негізінде (10).

10.2 ӘҚБтК-нің 741-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуі болғызбайтын мән-жайлар: әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болмауымен байланысты (01), әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауымен байланысты (02), әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылумен байланысты (03), әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңды немесе оның жекелеген ережелерін немесе әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралаумен байланысты болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылуға тиісті өзге нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциялық Конеңсі конституциялық емес деп тануға байланысты (04), әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (05), әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға қатысты сол факт бойынша судьяның, органының, лауазымды адамның әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы күші жойылмаган қаулысының болуымен, сондай-ак сол факт бойынша адамды құдікті деп тану туралы қаулының болуымен байланысты (06), іс бойынша іс жүргізілетін жеке тұлғаның қайтыс болуымен, заңды тұлғаның таратылуымен (07), ӘҚБтК-нің 741-бабы 1-бөлігі 8-тармағында көрсетілген уәкілді органдардың бірі растаған бағдарламалық қамтамасыз етудегі техникалық қателіктер туындаумен байланысты (08), электронды түрде кедендей декларациялаумен байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерде және тәртіпте кедендей операцияларды жасау бойынша міндеттемелерді орындауға әкеп соққан, кеден ісі саласындағы уәкілді орган растаған электронды нысанда декларациялау бойынша ақпараттық жүйенің жұмысында қателіктердің туындаумен байланысты (08-1), Қазақстан Республикасының салық, кедендей заңнамасымен көзделген өзге де жағдайларда (09), ӘҚБтК-нің 897-бабымен белгіленген тәртіпте әкімшілік айыппұлдың төленгенін растайтын құжаттың болуы (10), әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам заңмен белгіленген тәртіпте адам саудасымен байланысты қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша жәберленуші деп танылуымен байланысты (11), ӘҚБтК-нің 64-бабымен белгіленген тәртіпте тараптардың татуласуына байланысты мән-жайлар (12);

10.3 Адам ӘҚБтК-нің 50-бабы, 2-бөлігі негізінде әкімшілік жазадан босатылған (01), адам ӘҚБтК-нің 889-бабы негізінде әкімшілік жазадан босатылған (02), адам ӘҚБтК-нің 63-бабы негізінде әкімшілік жазадан босатылған (03), адам ӘҚБтК-нің 68-бабы негізінде әкімшілік жазадан босатылған (04).

10.4 Кәмелет жасқа толмағанға қатысты тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылған: заңды түсіндіру (01), келтірілген зиянның есесін толтыру міндеттін жүктеу (02), кәмелетке толмаған адамдарды бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу (03).

11. Айыппұлды өндіріп алу

11.1 Ерікті түрде өтелген айыппұл сомасы _____ тенге

11.2 Мәжбүрлеу тәртібінде өндіріп алынған айыппұл сомасы _____ тенге

11.3 Қысқартылған тәртіпте өндіріп алынған айыппұл сомасы _____ тенге

12. Қаулыны орындау кейінге қалдырылды/ұзартылды

12.1 Әкімшілік қамаққа алу, арнаіы құқығынан айыру немесе айыппұл түріндегі әкімшілік жаза туралы қаулыны орындау "___" 20___ жылға дейін кейінге қалдырылды.

12.2 Айыппұл салу туралы қаулыны орындауды судья, орган (лауазымды адам) "___" 20___ жылға дейін кейінге қалдырылды.

13. Шағым/наразылық келтірілді	
13.1 ӘҚБтК-нің 830-бабы тәртібінде шағым келтірілді (01), ӘҚБтК-нің 830-бабы тәртібінде прокурордың апелляциялық өтінішхаты енгізілді (02), ӘҚБтК-нің 848-бабы тәртібінде ұсыну енгізілді (03), ӘҚБтК-нің 848-бабы тәртібінде наразылық келтірілді (04).	
13.2 Шағымды/өтінішхатты/наразылықты қарau нәтижесі: қаулы өзгеріссіз қалдырылды, ал шағым/өтінішхат/наразылық қанағаттандырылмады (01), қаулы өзгерілді (02), әкімшілік істі тоқтата отырып, қаулының күші жойылды (03), жаңа қаулы шығарумен қаулының күші жойылды (04), ведомстволық бағыныстырығы бойынша жолдаумен қаулының күші жойылды (05).	
13.3 Шағым/өтінішхат/наразылық бойынша істі қарau күні " __ " 20__жыл.	
13.4 Исті қайта қараган орган атауы _____	
14. Қаулыны жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарau	
14.1 ӘҚБтК-нің 852-бабының тәртібінде шағым келтірілді (01), ӘҚБтК-нің 852-бабы тәртібінде наразылық келтірілді (02).	
14.2 Шағымды/наразылықты қарau нәтижесі: қайтарылды (01), қанағаттандырылды және күші жойылды (02), істі қайта қараудан бас тартылды (03).	
14.3 Шағым/наразылық бойынша істі қарau күні " __ " 20__жыл.	
14.4 Исті қайта қараган органның атауы _____ " __ " 20__жыл.	
15. Банкрот (01), жалған кәсіпорын (02) болып танылды	
15.1 Шешім қабылдаған сottың атауы (анықтамалық бойынша)	
15.2 Шешім қабылданған күн " __ " 20__жылы	
16. Қызметкердің Т.А.Ә., лауазымы, қолы және толтырған күні " __ " 20__жыл.	

Әкімшілік іс жүргізудің
бірыңғай тізілімін жүргізу
қағидаларына
3-қосымша
нысан

"Көлік құралдарын басқару құқығынан айыру және жүргізуші күәлігінің қолданылуын токтата түру туралы" ақпараттық есепке алу құжаты

Ескерту. Қағидалар 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 05.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1.1 Жеке сәйкестендірүү нөмірі: / / / / / / / / / / / / / / / /
1.2 Тегі: _____
1.3 Аты: _____
1.4 Әкесінің аты (болған жағдайда): _____
1.5 Туған күні күні, айы, жылы
1.6 Телефоны: / / / / / / / / / / / / / / / /
2. Тұрғылықты жері
2.1 Республика (анықтамалық бойынша)
2.2 Облыс (анықтамалық бойынша)
2.3 Аудан: _____
2.4 Елді мекен: _____
2.5 Аудан: _____
2.6 Үй: _____

2.7 Пәтер

3.1 Жеке басын күэландыратын құжат: паспорт (01), жеке қуәлік (02), түруға ықтиярхат (03), азаматтығы жоқ адамның жеке басын күэландыру (04), жүргізуші қуәлігі (05), әскери билет (06), туу туралы қуәлік (07), аңшылық билеті (08), жеке кәсіпкердің қуәлігі (09), ҚР дипломатиялық паспорты (10), туу туралы қуәлік (11), ҚР қызметтік паспорты (12), босқын қуәлігі (13), теңізшінің жеке қуәлігі (14), шетелдік паспорт (15), қайтып оралуга арналған қуәлік (16), туу туралы акт жазбасы (17), өзге құжат (18), тіркеу қуәлігі (19)

3.2 Сериясы: / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / /

3.3 Нөмірі: / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / /

3.4 Кім берді: _____

3.5 Берілген күні: " ____ " 20 ____ жыл

4. Жүргізуші қуәлігі;

4.1 Сериясы: / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / /

4.2 Нөмірі: / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / / /

4.3 Берілген күні" ____ " 20 ____ жыл

4.4 ЖКК алынды: 01) иә, 02) жоқ

5. Сот шешімі туралы деректер

5.1 Соттың атауы:

5.1.1: Ел (анықтамалық бойынша)

5.1.2: Өнір (анықтамалық бойынша)

5.1.3: Аудан (анықтамалық бойынша)

5.2 Сот шешімі: көлік құралдарын басқару құқығынан айыру (01), жүргізуші қуәлігінің қолданылуын тоқтата түрү (02); басқару құқығының қолданылуын тоқтату (03); өмір бойы құқығынан айыру (04)

5.3 Шешім күні " ____ " 20 ____ жыл

5.4 Айыру мерзімі: _____ жыл / жыл

5.5 Мерзімге дейін: күні, айы, жылы

5.6 Құқық бұзушылық түрі: қылмыстық (01), әкімшілік (конвенция) (02), азаматтық (03)

5.7 Бап / бөлім / тармак: _____

6.1 Шешім жойылды: иә (01), жоқ (02)

7. Қосымша ақпарат

8.1 Енгізу органды (анықтамалық бойынша)

8.2 Енгізу операторы: _____

8.3 Енгізу күні: күні, айы, жылы

8.4 Түзету күні: күні, айы, жылы